

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ» КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ (Ш. МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША)

*Кембаева А.Т.¹, Жұбай О.С.²

*^{1,2}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Кез келген халықтың ішкі рухани әлемі мен ұлттық ерекшелігі оның тілдік сипатында көрініс табады. Демек ұлттық сипатты білдіретін ұғымдарды зерттеу арқылы сол халықтың тарихы мен дүниетанымын, мәдениетін танимыз. *Қазақ халқы* концептісін зерттеу барысында ұлтымыздың психологиялық ерекшелігін көрсететін, халқымызға тән дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар тізбегін және концепттің когнитивтік моделін анықтау мақсаты қойылды. Назарға алынған *қазақ халқы* концептісін мән-мазмұнын ашу үшін когнитивтік бағытта ұлттың түп санасындағы танымы мен этностық айшықтарынан хабар беретін, менталитеті мен мәдениетінен сыр шертетін мазмұнды ұғымдары бар шығармалардың мәтінін талдау жұмысы жүргізілді. Дәлірек айтқанда, зерттеу жұмысының негізгі идеясына сай *қазақ халқы* концептісін когнитивтік моделі жазушы Шерхан Мұртазаның шығармашылығы негізінде анықталды.

Зерттеу барысында нақты мысалдарға жүгіну міндеті қойылып, мәтін тармақтарын іріктеу, лексикалық талдау, жинақтау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу нысанына айналған концепт қаламгер шығармасында түрлі типті формада көрініс тапты. Сондықтан ұғым мәнін ашатын стереотиптік, ассоциативтік, семантикалық таңбалар мен символдар мәтін ішінен іріктеліп, өзара ұқсастықтары мен артқан мағыналық-мазмұндық сипатында талданды.

Қазақ халқына тән мінез-құлық, салт-сана, дүниетанымдық көзқарас, этностық ерекшеліктер, тіпті ұлтқа тән дәстүрлі әдет-ғұрып, келбет, тарих, қазақ танымындағы өмір туралы түсінік – барлығы бір ғана *қазақ халқы* концептісінде көрініс табады. Зерттеу жұмысында санада бейнеленген ой суреттерді көркем шығарманың әр тармағынан жүйелі іріктеп алу, оның формасын табу, талдау үдерістері жүргізілді. Бұл негізгі нәтижені, яғни *қазақ халқы* концептісін когнитивтік моделін нақты мысалдар негізінде тану мүмкіндігін айқындады. Зерттеу жұмысының қорытындысында Шерхан Мұртаза шығармасының мәтіні негізінде *қазақ халқы* концептісін когнитивтік моделі анықталды және оның атқаратын қызметі талданды. Қазақты танымды білдіретін мәтін тармақтары таңбалық, семантикалық сипатта сараланды. Зерттеу барысында жүргізілген практикалық талдау – жұмыстың тіл білімі саласындағы құндылығын айқындады.

Зерттеу жұмысының қорытындысы, яғни *қазақ халқы* концептісін когнитивтік моделін көркем шығарманың тілдік бірліктері негізінде анықтау, автордың астарлы ой суреттерінің және қазақты көзқарасының, дүниетанымдық ұстанымының мәтін ішінде берілген ұғымдық сипатын түсіндіру, мысалдарды іріктеп алу, талдау, мазмұндық, ұғымдық ерекшеліктерін ашу – оның ғылыми және практикалық маңызын нақтылады.

Тірек сөздер: концепт, когнитивтік модель, қазақ халқы, ұлт, фрейм, лексикалық бірлік, когнитивті лингвистика, ұлттық таным, концепт типі

Кіріспе

Когнитивтік ғылымның қамтитын басты ұғымдары ретінде *әлемнің ұлттық және тілдік бейнесін және әлемнің концептуалды бейнесін* қарастыратын болсақ, кез келген халықтың этномәдени ерекшелігі мен ұлттық танымына сай концептілер тізбегін де осы салада қарастыру маңызды.

Ұғымның пайда болуын санадағы құбылыс деп танымыз. Демек, *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау үшін оны концептілік жүйе мен концептілік құрылымдардың санада бейнеленуінің формалары негізінде қарастырамыз. Концептінің мәнін ашу үшін және оған тән семантикалық, стереотиптік, ассоциативтік таңбалардың, ойсуреттің тілдік ерекшелігіндегі нақты мысалын анықтау үшін көркем әдебиетке жүгінеміз. Қазақ дүниетанымына сай санадағы бейне суреті тілдік ұғымдар арқылы оның когнитивтік моделін құрауда қызмет атқарады. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтауда автордың көркем туындыда қолданған тілдік құрылымдары мен ойсуреттерінің таңбалық көрінісі қолданылады. Ол шығарма сюжетіндегі әрекеттермен, кейіпкерлер бейнесімен, олардың портреттерімен, тілдік сипатымен, автордың астарлы ой жетегімен, символдар және таңбалар тізбегімен айшықталады. Бір ғана атау, концептінің ішкі семантикалық, лексикалық мазмұнының, этникалық табиғатының кеңдігін тілдік бірліктер негізінде анықтау когнитивті лингвистика саласы үшін маңызы зор құбылыс.

Зерттеу барысында *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі ұлттық таным негізінде қарастырылып, шындық өмірден көркем шығармаға алмасқан оқиғалар мен кейіпкерлердің образды жиынтығы талданды. Ұлтқа тән тілдік ерекшелік пен санадағы бейненің айқын көрініс табатын тұсы осы көркем шығармалар екенін білеміз. Сондықтан Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романының бірнеше томында қамтылған қазаққа тән түп тамыр дәстүр жігі, қазақы мінезді жоғалтпаған кейіпкерлердің прототипі, оқиға желісінде суреттелген ұлттық салт-дәстүр мен ұлтымыздың ертеден бойында жинақталған рухани түсінігін айқындай түсетін тармақтар когнитивтік модель тұрғысында зерттеліп отырған концепт мәнін мазмұнды сипаттайды, толық ашады.

Концептінің когнитивтік моделін анықтау үшін мысалға алынған шығармадағы ұлт ұстанымын артқан әр тармақ, таңба, тіркес халқымыздың санасындағы суретті түсінігін, дүниені танудағы айшығын дөп басып көрсетеді. Зерттеу нәтижесі *қазақ халқы* концептісінің мазмұнын оның этникалық таным-түсінігімен қатар алып қарастыру арқылы өзекті ұғымдық бейнелердің тізбегін де анықтап берді.

Қазақ халқы концептісінің көркем шығарманың тілдік сипатында танылуы және оның берілу формаларының алуандығы тікелей туынды авторының тілдік қолданысына байланысты екені ескерілді. Сондықтан автордың қазақ дүниетанымын ашудағы шеберлігі оның ұлтты тануындағы, шындық бейнені суретті тілдік өрнекпен беруіндегі ұстанымы зерделенді.

Адамзатқа тән концептілік ұғымдардың ішінде ұлттық концептілердің жиі байқалатынын білеміз. Себебі жалпы адамзат мәдениеті ұлттың мәдени бояуымен астасып жатады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасын тілдік құралдар негізінде беру, сол бойынша қалыптасқан ақпарат жүйесін анықтау әлем бейнесін тануға жол ашады. Сондықтан көркем шығарма тілін концептілік талдау сол шығарманы тудырған халықтың ғана емес, әлемнің тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін де қажетті. Көркем шығарма

тілінде халықтың танымын кең ауқымда танытатын концептілер және когнитивтік модель жүйесі айқын көрініс табады. Кез келген шығарманы поэтикалық немесе лингвистикалық талдаумен ғана шектеуге болмайды. Ондай талдауда қаламгердің шығармашылық шеберлігі мен шындық дүниені тану ерекшелігі, ұлттық таным-түсінігі, көзқарасы анық байқалмайды. Себебі басты назар шығарманың көркемдік сипатына ауып кетеді. Демек белгілі бір қаламгер шығармашылығы бойынша концептілік талдау жасау жазушының дүниетанымын танытатын тілдік құрал қызметін атқарады.

Адамның әрдайым әлемді тану үдерісінде жүретінін ескерсек, оның сол әлемдік бейнеде өз орнын қалыптастыру жолында қызмет ететін де түсінеміз. Осы үдерісті жүзеге асыруда ұлттың тілі – сөйлеушінің дүниетанымындағы қалыптасқан ерекшеліктері мен айшықты құбылыстарын бейнелейтін құрал қызметінде танылады. Сондай-ақ тіл адам санасының бейнелі көрсеткіші. Яғни этнос пен оның мәдениетінің көрінісін тілдік бірліктер арқылы толығырақ танимыз. Этномәдени сана суретін де осы тіл арқылы анықтауға болады. Себебі халық үшін мәні бар таным мен білім жиынтығы сол халықтың ұлттық тілі арқылы көрініс табады, сақталады. Тілді қолданатын адам сол ұлттың мәдениетін жеткізуші әрі тасымалдаушы болса, тілдік таңбадағы мәдени ерекшеліктер сан ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүр, білім-біліктер, дағдылар мен ойлау айшықтары сол ұлтқа, яғни мәдени қауымдастыққа тиесілі сипатқа енеді. Соның негізінде ұлттың санасында қалыптасқан танымын суреттейтін тілдік бірліктер, концептілер пайда болады.

Әр халыққа, ұлтқа тән қоршаған ортасы мен шындық құбылысты тану тәсілдері, оның әлемді тануы, тілдік ерекшелігі мен менталитеті, ұлттық ұстанымы мен салт-дәстүрі, мәдени ерекшелігі – барлығы оған тән атаулар негізінде анықталады. Белгілі бір атаудың астарлы мән-мағынасы мен шығу тегі ұлттың таным-түсінігіне, мінез-құлқына тән жүзеге асатын тілдік құбылыстар жігіне қосылады. Ал тіл ойды білдіретін негізгі құрал, әрі таным үдерісін көрсетеді. Ертеден-ақ зерттеліп келе жатқан, бүгін де өзектілігін жоймаған тіл мен мәдениет арасындағы өзара әрекет мәселесі, атаулардың когнитивтік модельдерін тану, зерттеу тіл біліміндегі мәні үстем мәселелердің бірі. Себебі әр ұлтқа тән тілдің әмбебап ерекшеліктерін тану арқылы сол ұлтқа тән терең мәдени ұстанымдарды анықтауға жол ашылмақ. Бұл бағыттағы зерттеуді – когнитивті лингвистика ғылымы жүзеге асырып келеді.

Зерттеу тақырыбындағы *қазақ халқы* концептісі де өз бойында ұлтымызға тән түсініктер мен ұстанымдарды қамтиды. Когнитивті лингвистика терминологиясында *қазақ халқы* концептісінің лингвомәдени мазмұны қазақ халқына тән тікелей және жанама танымдық, этникалық таңбаларды қамтиды. Мінез-құлық пен ертеден қалыптасқан түсінік, дәстүр ерекшелігін де осы концепт мазмұнынан байқаймыз.

Қазақ халқы концептісінің мәнін шектемей, кең мағынасында зерттеу үшін Шерхан Мұртазаның көркем туындылары негізге алынды. Өйткені туындыгердің әр шығармасынан ұлттық мүдде, халқымыздың рухани және ұлттық ерекшеліктері, ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері айқын байқалады. Зерттеу мақсатына сай шығармада көрініс тапқан *қазақ халқы*

концептісінің ұлттық-мәдени үлгісі талданып, оның тілдік сипаты мен шығарма мазмұнына сай берілу ерекшелігі жазушының шығармашылық шеберлігі негізінде, тілдік қолданысы мен қазақ халқына тән этникалық әрі мәдени сипатын ашудағы ерекшелігі тұрғысынан қарастырылды. Мұндай белгілі бір халықтың ұлттық психологиясы мен табиғатынан хабар беретін ұғымдар мен ой таңбалардың когнитивтік моделін анықтау *әлемнің ұлттық және тілдік бейнесін* тануға жол ашпақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Ұлттың ұстанымы мен мәдени ерекшелігінен, танымынан хабар алу үшін оған тән концептілердің когнитивтік моделін анықтау қажеттілігі туады. Концептің бойында әлем туралы ақпарат қамтылған. Белгілі бір халықтың жеке адамының да ойы мен ішкі жан-дүниесін көрсетеді, ұлттық образ бен ұғымды, құндылық сипаттарын, күрделі символдарды да білдіреді. Бүгінге дейін және қазіргі тіл білімінде де концепт түрлері мен когнитивті лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым-зерттеушілердің еңбектерін назарда ұстаған жөн. Мәселен, Г.А. Брутян [1, 108 б.], М.А. Пименова [2, 127 б.], J. Lakoff [3], И.О. Окунева [4, 62 б.], В.В. Воробьев [5, 44 б.], А.Б. Салқынбай [6, 95 б.], А. Ислам [7, 72 б.] т.б. зерттеулерін атап өтсек болады. Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру кезінде аталмыш ғалым-зерттеушілердің еңбектерін қарастыра отырып, концептің және оның когнитивтік моделінің, концептілік жүйелердің тіл білімінде зерттелуі мәселесімен, жаңа тұжырымдармен танысып, нақты концепті талдауға қажетті тәжірибелік әдіс-тәсілдер қарастырылды. Соның негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтауға бағытталған талдау жасалды. Көркем шығарма құрамынан ұлттық бейнені беретін әр тармақ нақты мысал ретінде тандап алынды.

И.Ю. Никишина өз еңбегінде «концепт» ұғымына былай анықтама береді: Концепт – лингвистикалық белгілердің астарындағы ой бейнелері, олар лингвистикалық белгілерді білдіреді әрі лингвисттердің назарын өзіне аударды. Когнитологиядан шыққан концепт ұғымы тілді үйрену үшін маңызды және қажет, әрі когнитивті лингвистиканың негізін қалады. Концепттерден белгілі бір тілдің семантикалық кеңістігі жасалады, ал семантикалық кеңістіктен олардың нақты ұлттық танымдағы білім құрылымдарын бағалауға болады [8, 5 б.]. Демек концепт негізінде белгілі бір ұлтқа тән тілдің семантикалық кеңістігін тануға, ұлттық дүниетанымын түсінуге зор мүмкіндік ашылады. Бір ғана атаудың бойында ғасыр тарихын қамтитын ұлттың жүріп өткен жолы мен күллі дәстүрі көрініс таба алады.

Маңызды ұғымдар тілде кодталады. Адам психикасы үшін ортақ ұғымдар тілдердің грамматикасында көрініс табады және бұл концептілік жүйені, лексикалық түрде көрсетілген барлық концептілік материалды таратуға арналған шеңберді жасайтын грамматикалық категория ретінде қарастырылады. Осы ұстанымдарды назарға алып, зерттеу жұмысында Шерхан Мұртаза шығармалары негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау мақсатында семантикалық интерпретация,

жинақтау, түсіндіру, лексикалық талдау, сипаттамалы-аналитикалық тәсілдер қолданылды. Жазушының *қазақ халқы* концептісін көпшілікке ұсынуындағы ерекшеліктері мен ұлтымызға тән, *қазақ* атауының астарында жатқан алуан мінез-құлықтық және танымдық үдерістерді анықтау үшін концептуалды талдау әдісі жүзеге асырылды. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін құрайтын концепт типінің формаларын анықтау мақсатында көркем шығармадан нақты үзінділер мысалға алынды. Жеке фреймдермен қатар, сценарий, яғни оқиғалы форма типтерін анықтау үшін, лексикалық бірліктерді жүйелеу үшін шығарма мәтінінің тармақтарын жаппай іріктеу әдісі қолданылды. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау барысында қаламгердің «Қызыл жебе» романының үш бөліміндегі көркем мәтіндер тізбегі пайдаланылды. Мәтін тармақтары негізінде концептілік құрылымның түрлі формалары, мазмұнды беру амал-тәсілдері, қазақ халқының түпкі танымындағы этникалық ерекшеліктері ой таңбалары мен лексикалық бірліктер негізінде анықталды. Шерхан Мұртаза шығармашылығында ұлттық келбеттің астарлы ой суреттері мен қазаққа тән күллі сипат көрінісі айшықты берілген. Сондықтан *қазақ халқы* концептісінің мазмұны автордың шығармасындағы кейіпкерлер арасындағы диалогтардан, автордың кейіпкерлердің портреттерін сипаттауындағы тілдік бірліктерді қолдануынан, ұлтымызға тән әдеттердің түрлі сюжет жетегінде берілуінен, қазақтың мінез көрінісі мен оның әлеуметтік жағдайынан, тұрмысы мен тарихынан хабар беретін алуан тұтас бейне-символдардың ұшырасуынан анықталып, дәлелді тұжырым жасалды. Зерттеу жұмысында *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтау мақсатында мәтін ішіндегі заттық ұғымдар мен халық дүниетанымын айқындайтын жүйелі сөз қолданыстары талданды.

Нәтижелер

Шерхан Мұртаза туындыларындағы *қазақ халқы* концептісінің санада бейнеленуі концептілік құрылымдардың тізбегіне сай түрлі формада кездеседі. *Қазақ халқы* концептісінің мәнін ашатын ұғымдарды да, мазмұнын ашатын тіркестерді де жолықтырамыз. *Қазақ* концептісі дара тұрып макроконцептті құрайтыны белгілі. Сондықтан *қазақ халқы* концептісінің мазмұндық мәні де терең әрі сан-салалы болмақ. Шерхан Мұртаза шығармаларында бұл концепттің когнитивтік моделі ұлттық танымды білдіретін этномаркерлер негізінде сипатталады.

Қазақ халқы концептісі ұлттық дүниетанымда өз тереңінде бар болмысы мен мәдениетін артып тұрған, ертеден-ақ көшпелі халықтың сипатын ашатын, өз діні мен ділі, менталитеті, ата дәстүрі мен ғасырлық тарихы бар, әлем өркениетінен өз орнын ойып алған халықтың сипатын беретін феномен ретінде де құнды. Бұл концепт ұлттық мәдениетіміздің дамуын, ақиқат дүниедегі алатын орнын анықтауға жол ашты. Аталмыш ұғыммен қатар аталатын қаншама этномәдени концепттерді зерделегенімізбен, оның барлығы да осы бір макроконцепт ішінде қарастырылады. Себебі бізге белгілі *шаңырақ* немесе *батыр*, *отбасы* немесе *қонақжайлылық*, тіпті *қазақ әйелі* концептілері

де аталмыш макроконцепт жүйесіне жинақталады. Сондықтан қаламгер шығармасы бойынша *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін анықтаудың шеңбері кеңейіп, ұлт бойында жинақталған бүкіл қасиетті, оның тіршілігіндегі әдеттері, тарих кезеңдерінде қанына сіңген ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы талданды. Шығармадағы ұлттық мінезді, бойына сіңген дәстүрді суреттеп тұрған кейіпкерді жиынтық образ деп танып, оның бойындағы мінез-құбылысты бүкіл қазақтың танымы мен бір ұлттың бойында болып жатқан құбылыстар деп тану орынды. Кейіпкерлер еске алатын қазақ басынан өткен оқиғалар суреті мен қазаққа теліген сипаттама атаулары, қазақ тұрмысының өзіндік айшықты ерекшеліктері және оны авторлық астарлы символ бейнелермен беруі концептінің когнитивтік моделін анықтап беруімен қатар, мазмұнын түсіндіруге бағытталған. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі – мәтін негізіндегі нақты тармақтарды талдау арқылы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін танытуы, сондай-ақ бүгінде заманауи қазақтың танымынан жойылып бара жатқан ұлттық дүниетанымның тілдік бірліктеріне мазмұнды талдау жасауы, түсіндіруі.

Талқылау

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы «*Қанша кедей болса да судан балық сүзуді кәсіп қылмаған қазаққа бұл бала-шағаның қылығындай көрінді*» [9, 15 б.], – деген үзіндіде *балық сүзуді кәсіп қылмаған қазақ* деген тіркесі *қазақ халқы* концептісіне жақын сема және ассоциативтік таңба арқылы сипатталып тұр. Себебі қазақ халқының балық сүзуді кәсіп қылмағаны әрі оның отырықшы емес, әуелден көшпенді халық болғаны тарихтан да белгілі. Қазақ атқа мініп, мал бағып, кең далада өмір сүрген еркін халық. Қарапайым фрейм формасында берілген бұл концепт типі арқылы автор оқырманына *қазақ халқының* өмір сүру салты мен тарихынан хабар беріп отырғандай. Тіпті балық сүзуді кәсіп қылмауы, қазақ халқының жиі мекендеген орнына да байланысты ақпаратты беріп тұр. Жазда жайлауға, күзде күзеуге көшіп жүрген халық, әрине, көлге қармақ тастап отырмағаны белгілі. Көшпелі болса да, отырықшылықтан ада болмаған қазақ халқы балық аулауды әуелден кәсіп санамаған еді. *Қанша кедей болса да..., ...бала-шағаның қылығындай көрінді*, – деген сипаттамасында қазақтың балық аулау кәсібіне әдеттенбегенінен тағы бір хабар береді. Автор мұнда кедейліктің азабын тартса да басын төмен қаратып, көрінгенге ілесе қоймас қазақтың ер мінезі сол кәсіпті игеруді жатсынғанын айтады. *Құдай мал бермеген соң жер еміп қазақ жарыған емес* [9, 132 б.] немесе *Шөбі шүйгін, суы бал, өрісі мол жер іздепті зой мал баққан қазаққа* [9, 159 б.] – деген тармақтардан да ертеден-ақ қазақ халқының мал өсіруге машықтанған халық екенін дәлелдейді. Шүйгінді шөбі мен мол өріс қашан да қазақ даласының суретін санамызда сайратып тұрады. Қазақ халқының мекені мен даласының санада бейнеленген суретін тану үшін кейде осындай қарапайым бір ұғым да жеткілікті. Ондай малға жайлы қонысты іздеуі дегені халықтың жайлау, көктеу, күзеу, қыстауға жыл он екі ай көшіп жүретінін, қазақ мекен еткен даланың мол өрісін суреттейді. Қазақ халқы үшін

жанынан қымбат мекен, туған жердің, ата қонысының табиғаты қашан да өз атымен қатар аталады.

Мұндай фрейм формасында берілген танымдық тармақтарды аталмыш шығармадан жиі кездестіреміз. Мысалы: *Бұл өзі Шілмембет руынан шыққан қарапайым қазақ еді* [9, 15 б.], – деп автор халқымызға тән ең жиі байқалатын мінез-құлықты сипаттаса, екінші мәні ретінде *қарапайым қазақ* деп сол кезеңдегі халық арасындағы әлеуметтік және қоғамдық жағдайды, шығу тегін танытады. Қазақ халқының қарапайымдылығы әсіресе шығармадағы ауыл адамдарының келбетінен көрінеді. Сондай-ақ: *Қара шаруа болса да, рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ* [9, 15 б.], – деген сөйлемде ұлтымызға тән стереотиптік таңбалар, яғни *рухы күшті, қайраты мол, қажырлы қазақ* секілді ұғымдар негізінде *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін құрады. *Мынау қаһарлы қазақ түрмеден екінші рет қашып шығуды армандайды* [9, 55 б.], – автордың бұл тармақта *қаһарлы қазақ* деген тіркесті қолдануын қарапайым сипаттауға жатқыза алмаймыз. Себебі *қазақ халқының* ертеден-ақ қанына сіңген рухы мен елі, жері үшін жанын беретін қасиеті, жауының алдында қаһарлы мінез танытқаны белгілі. Қанша кезең өтсе де ұлттың түпкі санасы мен қанында сол мінездің сақталып келе жатқанын қаламгер өз кейіпкерінің мінез-құлықтық сипатына телу арқылы көрсетеді. *Жан-жақтан ағылып келіп жатқан шәкірттердің арасынан ара-тұра қара домалақ қазақ балалары да кездесіп қалады* [9, 119 б.], – деген тармақтағы *қара домалақ қазақ балалары* деген тіркес *қазақ халқы* концептісінің мәнін ашатын танымдық элемент қызметін атқарады. *Қара домалақ* атауының өзі *қазақ* атауымен ассоциативтік таңба жігінде қатар аталады. Қазақ халқының танымында *қара* ұғымы *қара бала, қара қазан, қара домбыра* секілді ұлтқа тән символдық мәні бар ішкі концепт тізбегін құрайды.

Рысқұлдың кім екенін танып қалған, қой қораға қамап қойсаң, абақты осы екен деп, тырп етпей жата беретін аңқау қазақ болмай шыққанына көздері жеткен [9, 107 б.], – тармақта автордың *аңқау қазақ* деп беруі, қазаққа тән аңғал және ақкөңіл, аңқау мінез-құлқының суретін бергені. «...қой қораға қамап қойсаң...» дегені, қазақтың жазы-қысы мал бағумен айналысқан халық болғанынан хабар береді әрі қойдың момын жануар екенін ескерсек, қазаққа тән момындықты айтқаны. Әрі бұл ұғым төңірегінде тыныштық пен бейбітшілік мазмұнын беретін *қой үстіне бозторғай жұмыртқалау* секілді тұрақты тіркесті еске түсірген жөн.

Қазақта не көп, арқан көп, әп-сәтте Рысқұлдың аяқ-қолы сіресіп қыл арқанмен байланды да қалды [9, 34 б.]. Шерхан Мұртазаның бұл тармақтағы *қазақта не көп, арқан көп* дегенінен *қазақ халқының* жылқы малын көп өсіргенін, сондықтан қазақта арқанның көп болатындығын түсінеміз. Бұған дәлел аталмыш туындыдағы мына тармақтар: *Қазақ жылқы алса, ісіне татитындай етіп молынан алады және алыстан алады* [9, 36 б.].

Туындыгердің атылмыш шығармасынан оқиғалы форма, яғни фреймдер төңірегінде жағдаяттар мен оқиғаларды жинақтау арқылы жасалған *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін танытатын скрипттер мен ойсурет үлгілерін де жиі кездестіреміз. Концептті мұндай мазмұндық формалар

негізінде талдау оның құрылымының санада бейнеленуін, түрлі формада көрініс табуын анықтауға мүмкіндік береді.

Қаламгер шығармасындағы: *Қатишагүл ұшып барып ескі кебеженің артында тұрған қалақша қара домбыраны алып берді* [9, 132 б.], – деген тармағындағы сипаттауынан қазақ халқымен қатар аталатын қара домбыраның санадағы көрінісі де *қазақ халқы* концептісінің мәнін ашуда қызмет етіп тұр. *Атқа мінсе есіріп кететін қайран қазақ қиқулап ылдиза шаба жөнелген* [9, 149 б.], бұл тармақтан *қайран қазақ* деп қарапайым фрейммен берілген концепт типімен қатар, жинақталған жүйелі ұғым, қазақтың ат үстінде күн кешкен халық екені және ат үстіндегі әрекеті мен мінезі ашылған. Ал қазақ халқының *қайран* сөзімен қатар тіркесуі, халықтың басынан өткерген алуан тарихи кезеңдер мен қиын-қыстау заманды еске салады. *Қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі оның түпті этникалық және лексикалық мәнінің кодталған ақпараты болғандықтан, ол ұғым мен мазмұнды қатар қамтып, көркем шығармада түрлі формада көрініс тауып отыр. Шерхан Мұртаза өзінің «Қызыл жебе» романында қазақ халқына тән мінез-құлықты, рухани танымды, салт-сананы, әдеттерді, дүниетаным мен көзқарастарды және т.б. кейіпкерлердің ішкі психологиясын ашу арқылы, олардың мінез-құлқын сипаттау арқылы және деректі заттар мен іс-әрекеттер, символдар, лексикалық бірліктер негізінде оқырманға ұсынған.

Романның екінші бөлімінде: *Қақтаған күміспен қапталған қазақы ер тоқымның үстінде көрпеше жоқ, құйрыққа қатқыл тиеді екен* [10, 34 б.], – деп, автор *ер тоқымның* мәнін *қазақ халқы* концептісінің ұғымы ретінде ұсынып отыр. Өйткені ер тоқымын күміспен қаптаған қазақ халқының бұл әдеті ертеден бүгінге дейін сақталып келе жатқан ата дәстүр, ұлттық сипаттың мәнін ұғындыратын деректі символдың түп санамыздағы көрінісі. *Қазақ халқы* үшін ер тоқым тек ат әбзелдері қатарындағы зат емес, ұлттың ғасырлар бойы жүріп өткен жолының, сол жолда пайда болған түрлі әдет-ғұрпының астарлы мәні іспетті. Ер тоқымды күміспен қаптаудың өзі оның қасиетті зат екенін аңғартады. Оны автор былай береді: *Бұл ердің үсті ұлы істер туралы жар салатын, сан мың қолды аузына қарататын дуалы сөздердің қасиетті мінбері іспетті* [10, 34 б.]. Демек ер тоқым қазақ халқының тарихы мен ұлттың ерік-жігерін білдіретін қасиетті астарлы мұрасы, сонымен қатар қасиетті мінбері де. Туындыгердің ұлттың этномәдени ерекшелігін көрсетуде қолданған мұндай танымдық элементтерін *қазақ халқы* концептісінен бөліп қарастыруға болмайды. Тармақтан *ер* концептісін жеке бөліп қарасақ та, ол *қазақ халқы* концептісінің мәнін толықтыратын тілдік бірлік қызметін атқарып тұр.

Шығармадағы: *Әне, ана жерде қобыз тартқан соқыр дуана отыр. Қобыз үні қайғылы, қабырғаңды сөгіп, соның арасынан жүрегіңді суырып әкетердей зарлы әуен* [10, 35 б.], – деген тармақтарындағы *қобыз тартқан соқыр дуана* немесе *қайғылы, қабағыңды сөгетін, зарлы үні* күрделі формада санада бейнеленетін ұлттың табиғатына тән *қобыз, дуана* ұғымдары арқылы *қазақ халқы* концептісінің мәнін ашады. Себебі бұл ұғымдарды да *қазақтан* бөліп қарастыру мүмкін емес. Мұндай деректі заттардың санада бейнеленуі қазақ халқына тән ұлттық түсініктерден сыр шертеді.

– Міне, бұл біздің қазақтың кәсібі, – деді Ақкөз Тұрардың иығынан сипалап тұрып. – Ноғай айна-тарақ сатады: сарт қауын сатады; қазақ жоғалған жылқысын іздеп хан базарда жар салады [10, 41 б.], – мұнда автордың қазақ жоғалған жылқысын іздеп хан базарда жар салады дегені алдыңғы тармақтағы өзге ұлттың кәсібінен қазақтың кәсібінің өзгешелігін танытқаны. Шерхан Мұртазаның бұл туындысындағы мысалға алынған әр тармақ *қазақ халқы* концептісінің семантикалық астарын әрі когнитивтік моделін құрайтыны анық. Сол арқылы бұл концептінің ең жақын семаларын және стереотиптік таңбаларын танимыз. Мысалы, *Қазақ той дегенде қу бас домалар деп шақырылмаса да бара береді* [10, 62 б.], – дейді автор. Қу басы той десе домалайтын қазақтың мінезі, әдеті ерте кезеңнен-ақ қалыптасқан. Сондай-ақ ол бүгін де халық менталитетінде сақталып келеді. Туындыгер осылайша қазақ халқының этномәдени танымы мен тынысын шығармада өз оқырманна паш етеді. Қазақтың той десе қу басы домалайтыны, қуанышты бөлісуге асығатыны, тіпті онда айтатын өлең-жырының формасы мен мазмұнын да қазықтай қалыптастырғаны ұлттық фольклорымыздан да белгілі.

Байтақ қазақ даласының топырағында туғандардан аштықтың дәмін менен артық татқан адам бар ма екен? [10, 39 б.], *қазақ* атауымен қатар үнемі оның кең жазирасы мен кең байтақ даласы қатар елестейтіні анық. *Байтақ қазақ даласы* қазақ халқының қасиет-белгілерінің, деректі заттың дерексізденуінен туған ойсуреттерін білдіреді. Автор шығармасынан мұндай ойша түсірілген суреттерді нақты ұғымдар негізінде суреттеу жиі кездеседі. *Қазақ халқы* концептісінің мәні осы ұғымдар арқылы шығарма сюжетінде ашылып отырады. Мәселен, *Мұрты салбырап, езуінен төмен түскен, шоң мұрын, қыртыс маңдай, ірі тұлғалы егде қазақ екен, ләм деместен қайтадан бойын түзеп, ұзын қамшыны асықпай жоғары көтеріп, мылтық атқандай шарт еткізді* [10, 94 б.], – деген тармақтағы қазаққа тән түр сипатындағы *шоң мұрын, ірі тұлғалы қазақ* немесе *ұзын қамшы «қазақ халқы»* концептісі негізінде ойша бейнеленген қасиеттердің және ұлтқа тән символдық таңбаның айрықша көрінісі. Себебі қамшы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік мәнін ашатын таңба ретінде де, дара тұрып, концепт ретінде де қызмет атқара алады.

Қиялы жүйрік қазақтың шыны екені, өтірігі екені беймәлім [10, 96 б.], бұл тармақтан *қиялы жүйрік қазақ* фреймінің төңірегінде жағдаят жүйесі сценарий формасына ауысып, *қазақ халқы* концептісінің мазмұнын аша түскен. Осындай үлгіні *«Патшаның айтқанына көніп, айдауында жүре беретін момын қазақ бұл жолы өзгеше мінез танытып, атырылып атқа қоныпты»* [10, 108 б.], – деп берілген тармақтағы *момын қазақ* фреймінің айналасында топтасқан оқиға арқылы дамып, *атырылып атқа қонатын* батыр қазақтың келбетін қоса танытып тұрғандай.

Романның үшінші бөлімінде: *Аруақты сыйлаған қазақ, Қорабек бабаларды ауызға алғанда кәдімгідей босаңсыды* [11, 79 б.], – деген тармағындағы *аруақты сыйлаған қазақ* дегенінен қазақ халқының салт-санасы мен нанымын білдіретін мазмұнды көреміз. Қазақ халқы қашан да аруағына құран бағыштап, оларды пір тұтып отыратын болған. Мұндай мазмұнды келесі тармақтан да байқаймыз: *Сондықтан ол қазақ дәстүрі бойынша аттан түсіп*

амандаспай, кіріптар болмаса, ат үстінде тұрып қол ұсынатын [11, 81 б.]. Қазақ халқының дәстүрлі танымындағы іс-әрекеттердің ұлттық әдетке айналуындағы көрінісін байқаймыз. Аттан түсіп амандасу, қазақ халқының өз ішіндегі және өзге де халыққа сыйластығы мен құрметінен хабар береді. Қазақ халқымен қатар аталатын ілтипат пен өзіне тән биязы мінезін қаламгер былай да сипаттайды: *Табиғи қазақ ондай озбырлыққа бармайды* [11, 168 б.]. *Қазақ халқы* концептісіндегі *табиғи қазақ* атауының мәні оның дүниетанымы мен рухани ұстанымы тұрғысында танылады. Сондықтан автор ұлтқа тән емес кері мінезден ада қазақтың келбетін көрсету мақсатында осы ұғымды пайдаланады.

Шерхан Мұртаза бұл шығармасында қазақ халқына тән ішкі психологиялық характерді, келбет сипаттарын, тарихын, мәдениетін таныту мақсатында алуан сюжет арасында концепттің санадағы суретін айқындайтын таңбаларды тармақтарда қолданып отырған. Ол бірде арнайы сол мақсатта қолданылса, бірде бейсаналы түрде қаламгердің ұлттық сана танымынан туған құбылыс деп түсінгеніміз оң. Мысалы кейіпкердің мына сөзінен де осы құбылысты көреміз: *Қазақ жоралғысы бойынша, мен баруым керек! Өйткені оның әкесі Молдабек қайтыс болған. Мен көңіл айтқан жоқпын* [11, 168 б.]. Қазақ халқының дәстүріндегі көңіл айту жоралғысының маңызын автор осылай суреттейді. Мұндай салт-дәстүрлер легі *қазақ халқы* концептісіндегі тілдік бірлік мазмұнын когнитивтік сипатта бейнелейді. *Ескі ауылдың қазақбайшылығы, топ құрып, жік жасақтап жүретіні жаман. Ер мінезді тіктігі, шіркін, ауыл жақтықтан арылса ғой* [11, 233 б.], – дейді шығарма кейіпкері Рысқұлов. Мұндағы *қазақбайшылық* дегені қазақ халқына тән жақсы-жаман әдеттерін еске алуы. Автор оны осы фрейм аясындағы *ер мінезді, тіктігі, тор құратын* асау мінезі тұрғысында түсіндіреді. Қазақ халқы өзінің қалыптасу тарихында ат үстінде күн кешкен батылдығымен, жерін қорғап, жауға шапқан ер мінезді батырлығымен де ерекшеленген. Ал мұндағы *ауыл жақтықтан арылуы* әуелде қазақ қоғамының ауылды мекенде қалыптасып, дамығанынан, киіз үйлі, қора-қора қойлы, үйірлі жылқылы тіршілігінен, дәстүрінен арылмаған қарапайым қоғам санасы туралы айтқаны.

Туған жеріңнің топырағы, туған аспаныңның ай-жұлдызы, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі жебесін сені [11, 271 б.], – мұнда *туған жер, туған аспан, қазақтың қара бесігі Қаратаудың киесі* ұғымдары *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделіндегі лексикалық мағынаның, яғни этникалық мәдениетті танытудағы қызметінің тереңдігін көрсетеді. Мұндай мысалды «...құндыз бөрік, шибарқыт қамзол, шоқайма көк етік киген бір қазақ қонышын қамшылай шығып...» [11, 350 б.], – деген тармақтан нақты көреміз. *Қазақ* немесе *қазақ халқы* концептісін сол күйінде бермей, қазақ халқының ассоциативтік таңбасын білдіретін *шибарқыт қамзол, құндыз бөрік, шоқайма етік* секілді ұлттық киім атауларын сипаттау негізінде де анықтайды. Берілген тармақтағы *туған жер топырағы* тіркесі де қазақ халқының когнитивтік моделін құрайтын мазмұн жігін қамтиды. Себебі бұл ұғым тек Шерхан Мұртаза емес, өзге де қазақ қаламгерлерінің шығармаларында жиі кездесіп отырады. Бұл ұғым қазақ халқының туған жер туралы суретті танымынан,

сағынышынан, махаббатынан хабар береді. Шығарманың үш бөлімінде де мұндай семантикалық таңбалар жүйесін жиі кездестіруге болады.

Халықтың сары уайым мен ащы запыраны шығар [11, 9 б.], – деп берілген автор сипаттауында *сары уайым* ұғымы қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық танымының бір сипаты іспетті. Қазақ халқына тән *сары уайым*, *сары қайғы* ұғымдары халықтың бастан өткерген әр кезеңіндегі ауыртпалықтан сыр шертіп тұр. *Қазақ халқы* концептісінің мазмұнында бұл модель халықтың көңіл-күйін білдіретін таңба ретінде қызмет атқарады.

Әсіресе мал бағып күн көрген халық қатты қаусап тұр [11, 43 б.], мұнда қазақ атауы берілмесе де *халық* дегені қазақты айтқаны екенін ойсуретінен ұғамыз. Себебі қаламгердің қосымша *мал бағып күн көрген* деген анықтамасы сөзсіз біздің танымымызға таныс суретті ақпаратты беріп тұр.

Түндіктің түстік жақ қиығынан қиялап, сол жақ керегеге сәуле түсіп тұр. Құлан жаққа қараған үйдің есігінен етектегі ел алақандағыдай түгел көрінеді [11, 206 б.], тармақтағы *түндік*, *кереге*, *құлан жаққа қараған үй* «*қазақ халқы*» концептісінің деректі әрі суретті тарихи санадағы бейнесін көрсетеді. Олай дейтініміз, мұнда аталған заттық деректер қазақ халқының киіз үйінің детальдары, яғни осы ұғымдар негізінде автордың кімді және қай халықты сипаттап отырғанын түсінеміз. Ал *етектегі елдің алақандағыдай көрінуі* халықтың жайлап жатқан мекенін, ондағы қоғамын көрсетеді. Көркем шығармадан концептті және оның типтік формаларын анықтау, халық туралы түсінікті қалыптастыруға септік болатын бірден-бір қағида екені осы тұста дәлелденді.

Халық қаласа, оны қастерлеп өңдеп, әрлеп, әрі қарай алып кете береді [11, 209 б.], шығарманың бұл тармағынан да *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделін ойсурет типі арқылы танимыз. Автор мұнда кейіпкердің аузына салған сөзі, әуелден қазақ тарихы мен әдебиетінде кез келген ақпараттың, өнердің, мәдениеттің сақталу формасын жеткізіп отыр. Халық танымындағы бұл қасиет есебінде ұлтымыздың талай өнері мен ертеде туған шығармашылық мұраларының сақталып келгені бізге белгілі. Демек, көркем шығармада берілген тармақ, мазмұнды ойлардың жиындығы *қазақ халқы* концептісінің тамырлы мәнін, бейнелі суретін қалыптастыра алады.

Қаламгер шығармасындағы *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі түрлі формада кездесетіндегіне көз жеткіздік. Аталған ұғымдар мен мазмұн, лексикалық бірліктер, концепт жүйесінің формалары, барлығы да аталмыш концепттің мәнін ашатынын дәлелдедік. Яғни *қазақ халқы* концептісінің когнитивтік моделі оған тән барлық ұлттық құбылыс пен таным аясында құрылатыны анықталды.

Қорытынды

Когнитивті лингвистика саласының басты категориясы «концептілердің» атқаратын қызметі тіл мен сананың байланысы десек, сананың тілдегі көрінісін айқындап беретін концептінің тілдік бірлік ретінде маңызы зор. Халыққа тән болмыс пен танымды түсіну, ұғу нәтижесінде жүйеленген ақпараттың барлығы тілде көрініс табатыны айқындалды. Әлемнің тілдік бейнесі субъективті, дегенмен қазақ халқы концептісінің когнитивтік моделі жеке адамның дүниетанымын емес, қазақ халқына ортақ дүниетаным категорияларын қамтиды. Қаламгер

шығармасының әр тармағында берілген ұғымдық, танымдық, мазмұндық сипаттағы концепт жүйесі ортақ кодты құрап, қазақ халқының этномәдени танымын көрсетеді. Автор шығармасында кездесетін кейіпкерлердің, ондағы мезгіл мен мекендік арақатынастардың өзгеріп отыруынан, бір емес бірнеше халық өкілдерінің арасындағы әңгіме негізінде қазақ халқы концептісінің мазмұны ашыла түсті. Бұл тілдік бірліктердің алуан сипатта берілу жиілігін арттырды. Сондықтан шығармадан қазаққа тән мінез-құлық пен дүниеге көзқарасын қарулы көз оқырман да тез ұға алады.

Зерттеу жұмысына өзек болған қазақ халқы концептісінің когнитивтік моделін анықтауда жеке адамның емес, күллі халықтың, ұлттың рухани табиғатын, дүниетанымын, ойлау ерекшелігін, санада қалыптасқан әдеттері мен заңдылықтарын тануға мүмкіндік алдық. Қазақ халқының дүниетаным құндылықтарынан хабар беретін санада қалыптасқан тілдік күрделі бірліктер негізінде қазақ атауы аталмай-ақ, оның семантикалық мәнімен астасып жатқан ұғымдар мен таңбалар арқылы санада көрініс табуын Шерхан Мұртаза шығармасынан дәлелді аңғардық. Демек мұндай тілдік бірліктерді анықтау және зерттеу жұмыстарында ұлттық тынысты арқалаған осындай қаламгерлердің шығармаларына жүгінген жөн. Ауызекі тілде кездесе қоймайтын мұндай танымдық әрекеттердің нәтижесін объективті бейнелейтін модельдерді анықтау – тіл білімі саласы үшін ғылыми әрі практикалық мәні зор ізденіс. Себебі халқымыздың түп тамырында жатқан дәстүрлі құбылыстарды, ұлттық сананы сақтау және жаңғырту сол санадағы ойдың сөзбен тұлғалануын жіті бақылау және талдау арқылы жүзеге асады.

Сонымен когнитивтік тіл білімі арқылы санада қалыптасқан әлем туралы ақпараттарды жинақтауға әрі концептілеуге мүмкіндік туды. Халықтың этномәдени ерекшеліктерінен хабар беретін мұндай концептілерді бір жүйеге келтіру, топтастыру, талдау мәселесі өзектілігін жоймайды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Брутян Г.А. Язык и картина мира // *Философские науки*. – №1. – 1973. – С. 108–110.
- [2] Пименова М. В. Концепты внутреннего мира человека (русско-английские соответствия): дис...д-ра филол. наук: 10.02.01 / М. В. Пименова. – СПб., 2001. – 497 с.
- [3] Lakoff, J. *Women, Fire and Dangerous Things. What categories reveal about the mind* / J. Lakoff. – Chicago: L.: The University of Chicago Press, 1987. – 614 p.
- [4] Окунева И. О. Когнитивные модели концепта «красота» в русском и английском языках. // *Мир науки, культуры, образования*. – №3. – 2008. – С. 61–64.
- [5] Воробьев В. В. *Лингвокультурология (теория и методы)*. – М.: РУДН, 2008. – 340 с.
- [6] Салқынбай А.Б. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретамыр: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 456 б.
- [7] Ислам А. Тіл мен ойлаудың екіжақты бірлігі танымдық ғылымында. – Алматы: Тілтаным, 2003. – Б. 15-25.
- [8] Сборник статей / Отв.ред. В.В. Красных, А.И. Изотов. – М.: МАКС Пресс, 2002. – Вып. 21. – 184 с.
- [9] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Бірінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k38-Қызыл-жебе-Бірінші-кітап> 20.09.2024
- [10] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Екінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k39-Қызыл-жебе-Екінші-кітап> 20.09.2024
- [11] Мұртаза Ш. Қызыл жебе. Үшінші кітап. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k53-Қызыл-жебе-Үшінші-кітап> 20.09.2024

REFERENCES

- [1] *Brutjan G.A. Jazyk i kartina mira [Language and the world picture] // Filosofskie nauki. – № 1. – 1973. – S. 108-110. [in Rus.]*
- [2] *Pimenova M.V. Koncepty vnutrennego mira cheloveka (russko-anglijskie sootvetstvija) [Concepts of the human inner world (Russian-English correspondences)]: dis.... d-ra filol. nauk: 10.02.01 / M.V. Pimenova. – SPb., 2001. – 497 s. [in Rus.]*
- [3] Lakoff, J. *Women, Fire and Dangerous Things. What categories reveal about the mind* / J. Lakoff. – Chicago: L.: The University of Chicago Press, 1987. – 614 p.

[4] Okuneva I.O. Kognitivnye modeli koncepta «krasota» v russkom i anglijskom jazykah [Cognitive models of the concept 'beauty' in Russian and English languages] // Mir nauki, kul'tury, obrazovanija. – 2008. – № 3. – S. 61–64. [in Rus.]

[5] Vorob'ev V. V. Lingvokul'turologiya (teoriya i metody) [Linguoculturology (theory and methods)]. – M.: RUDN, 2008. – 340 s.

[6] Salqynbai A.B. Älemniñ kognitivtik beinesi: qazaq tilindegi ülttyq kodtar [Cognitive picture of the world: national codes in the Kazakh language]. Küretamyr: monografiya. – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 456 b. [in Kaz.]

[7] İslam A. Tıl men oilaudyñ ekijaqty birlıgı tanymdyq ğylymynda [The bilateral unity of language and thought in cognitive science]. – Almaty: Tiltanym, 2003. – B. 15-25. [in Kaz.]

[8] Sbornik statej (Collection of articles)/Otv.red. V.V. Krasnyh, A.I. Izotov. – M.: MAKS Press, 2002. – Vyp. 21. – 184 s. [in Rus.]

[9] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Birinşı kıtap. URL: <https://kitaptar.azurewebsites.net/k38-Qyzyl-jebe-Birinşı-kıtap> 20.09.2024 [in Kaz.]

[10] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Ekinşı kıtap. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k39-Qyzyl-jebe-Ekinşı-kıtap> 20.09.2024 [in Kaz.]

[11] Mūrtaza Ş. Qyzyl jebe [Red Arrow]. Üşinşı kıtap. Elektronıy resurs. <https://kitaptar.azurewebsites.net/k53-Qyzyl-jebe-Üşinşı-kıtap> 20.09.2024 [in Kaz.]

КОГНИТИВНАЯ МОДЕЛЬ КОНЦЕПТА «КАЗАХСКИЙ НАРОД» (ПО ТВОРЧЕСТВУ Ш. МУРТАЗЫ)

*Кембаева А. Т.¹, Жубай О.С.²

*^{1,2} КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Внутренний духовный мир и национальная идентичность любого народа отражаются в его языковом характере. Следовательно, изучая понятия национального характера, мы познаем историю, мировоззрение, культуру этого народа. В ходе изучения концепта *казахский народ* была поставлена цель определить последовательность мировоззренческих установок и позиций, характерных для нашего народа, и когнитивную модель концепта, отражающую психологическую специфику нашей нации. Для раскрытия содержания концепции *казахский народ* была проведена работа по анализу текстов произведений, содержательных понятий, отражающих менталитет и культуру, выражающих этнические стереотипы и познания нации в когнитивном направлении. В частности, в соответствии с основной идеей исследовательской работы, когнитивная модель концепции «казахский народ» была определена на основе творчества писателя Шерхана Муртазы.

В ходе исследования была поставлена задача обратиться к конкретным примерам, применены методы подбора, лексического анализа, обобщения, толкования пунктов текста. Концепция, ставшая объектом исследования, нашла отражение в произведении писателя в различных типовых формах. Поэтому стереотипные, ассоциативные, семантические знаки и символы, раскрывающие смысл концепта, были отобраны из текста и проанализированы в контекстно-содержательном характере взаимосвязки и нарастания.

Характерные для казахского народа поведения, обычаи, мировоззренческие взгляды, этнические особенности, даже традиционные для нации обычаи, образ, история, представление о жизни в казахском познании – все это отражается в одном концепте «казахский народ». В исследовательской работе проводились процессы систематического отбора мыслительных рисунков из каждой ветви художественного произведения, нахождения его формы, анализа. Это определило возможность признания основного результата, то есть когнитивной модели концепции *казахский народ* на конкретных примерах. По итогам исследования на основе текста произведения Шерхана Муртазы была определена когнитивная модель концепта *казахский народ* и проанализированы его функции. Текстовые пункты, обозначающие казахское познание, дифференцированы в

символическом, семантическом характере. Проведенный в ходе исследования практический анализ выявил ценность работы в области языкознания.

Итоги исследовательской работы, то есть определение когнитивной модели концепта «казахский народ» на основе языковых единиц художественного произведения, разъяснение концептуального характера изложенных в тексте картин авторской мысли и казахской точки зрения, мировоззренческой позиции, отбор, анализ примеров, разъяснение содержательных, концептуальных особенностей, уточнили его научно-практическое значение.

Ключевые слова: концепт, когнитивная модель, казахский народ, нация, фрейм, лексическая единица, когнитивная лингвистика, национальное познание, тип концепта

COGNITIVE MODEL OF THE CONCEPT 'KAZAKH PEOPLE' (BASED ON THE WORKS OF SH. MURTAZA)

*Kembayeva A.T.¹, Zhubai O.S.²

*^{1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The inner spiritual world and national identity of any nation are reflected in its linguistic character. Consequently, studying the concepts of national character, we learn the history, worldview, culture of this nation. In the course of studying the concept *Kazakh people* the aim was set to determine the sequence of world outlook attitudes and positions characteristic of our people and the cognitive model of the concept reflecting the psychological specificity of our nation. In order to reveal the content of the concept *Kazakh people* the work on analysing the texts of works, content concepts reflecting mentality and culture, expressing ethnic stereotypes and cognition of the nation in the cognitive direction was carried out. In particular, in accordance with the main idea of the research work, the cognitive model of the concept *Kazakh people* was determined on the basis of the works of the writer Sherkhan Murtaza.

In the course of the research, the task was set to address specific examples, methods of selection, lexical analysis, generalisation, interpretation of text points were applied. The concept, which became the object of the research, was reflected in the writer's work in various typical forms. Therefore, stereotypical, associative, semantic signs and symbols revealing the meaning of the concept were selected from the text and analysed in contextual and content character of interconnection and accretion.

The Kazakh people's characteristic behaviours, customs, worldviews, ethnic features, even traditional customs of the nation, image, history, and the idea of life in Kazakh cognition are all reflected in one concept *Kazakh people*. The research work carried out the processes of systematic selection of thought drawings from each branch of the artwork, finding its form, analysing it. This determined the possibility of recognising the main result, i.e. the cognitive model of the concept *Kazakh people* on specific examples. According to the results of the study, on the basis of the text of Sherkhan Murtaza's work, the cognitive model of the concept *Kazakh people* was determined, and its functions were analysed. Textual items denoting Kazakh cognition are differentiated in symbolic, semantic character. The practical analysis carried out during the research revealed the value of the work in the field of linguistics.

The results of the research work, i.e. determination of the cognitive model of the concept *Kazakh people* on the basis of linguistic units of the artwork, clarification of the conceptual character of the author's thought pictures and Kazakh point of view, world outlook position stated in the text, selection, analysis of examples, clarification of substantial, conceptual features, clarified its scientific and practical value.

Keywords: concept, cognitive model, Kazakh people, nation, frame, lexical unit, cognitive linguistics, national cognition, concept type

Мақала түсті: 23 қыркүйек 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Кембаева Айнұр Тұрарқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: aim-ornai@mail.ru

Информация об авторах:

Кембаева Айнур Тураровна – PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Жубай Орынай Сагынғалиевна – доктор филологических наук, и.о.профессора, КазНУ имени аль-Фараби, e-mail: aim-ornai@mail.ru

Information about the authors:

Kembayeva Aynur Turarovna – PhD doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: kembaeva_ainur@mail.ru

Zhubai Orynai Sagyngaliyevna – Doctor of Philological Sciences, acting Professor, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: aim-ornai@mail.ru